

«Райхан» бөбекжай-бақшасы

«Балаңыздың жеке ерекшелігін құрметтеңіз»

Ана-аналарға кеңес :

«Балаңыздың жеке ерекшелігін құрметтеңіз»

Психолог:Ж.Айтимова

2025жыл

Балаңыздың жеке ерекшелігін құрметтеңіз

Әр бала – қайталанбас тұлға. Оның мінезі, қабілеті, қызығушылығы, ойлау деңгейі, даму қарқыны басқа балалардан міндетті түрде өзгеше болады. Сондықтан баланың өзіндік ерекшелігін ескеру – оның дұрыс өсіп-жетілуінің басты шарттарының бірі.

1. Әр баланың қарқыны әртүрлі

Бірі оқу материалын тез меңгереді, екіншісі асықпай, өз қарқынымен үйренеді. Бұл – қалыпты жағдай. Балаңызды басқа балалармен немесе бауырларымен салыстыру оның өзіне деген сенімін төмендетеді.

2. Артықшылығын байқап, қолдау көрсетіңіз

Әр баланың ерекше таланттары бар: бірі суретке, бірі спортқа, бірі есепке, енді бірі тілге қабілетті. Сол қабілеттерін байқап, дамытуға жағдай жасаңыз.

3. Қателік — даму жолындағы қалыпты құбылыс

Балаңыз қателессе немесе бір нәрсені баяу үйренсе, оны ұрыспай, дұрыс бағыт көрсетіңіз. Қолдау көрген бала өзін қауіпсіз сезінеді және жаңа нәрселерге батылырақ қадам жасайды.

4. Баланың пікірін сыйлаңыз

Оның ойы, таңдауы, сұрақтары – тұлға болып қалыптасуының бастауы. Үй ішінде оның пікірін тыңдап, шешім қабылдауға қатыстыру маңызды.

5. Салыстыру емес, ынталандыру маңызды

«Қара, пәленшенің баласы...» деген сөздер баланың ішкі әлеміне ауыр тиеді. Оның орнына:

«Сен бүгін өте жақсы тырыстың»,

«Кеше мен бүгінгі еңбегіңнің айырмасы бар, дұрысталып келесің»

деген сөздер балаға қанат береді.

6. Балаңыз өзін жақсы көретінін сезінуі керек

Жеке ерекшелігін құрметтеу — баланы барлық қасиетімен қабылдау деген сөз. Ол өзін түсінетін, қолдайтын, жақтайтын отбасы бар екенін сезінуі тиіс.

«Райхан» бөбекжай-бақшасы

«Балаңыздың жеке ерекшелігін құрметтеңіз»

Ана-аналарға кеңес :

«Ата-ана мен балабақша арасындағы ынтымақтастық»

Психолог:Ж.Айтимова

2025жыл

Құрметті ата-аналар!

Бүгінгі баяндама баланың жан-жақты дамуына ықпал ететін маңызды бағыттардың бірі — ата-ана мен балабақша арасындағы ынтымақтастыққа арналмақ. Қазіргі білім беру жүйесінде мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының негізгі міндеті — баланың физикалық, танымдық, әлеуметтік және эмоционалдық дамуы үшін қолайлы орта қалыптастыру. Бұл міндеттің табысты орындалуы педагог пен ата-ананың өзара тығыз байланысына тікелей тәуелді.

Ынтымақтастықтың мәні мен маңызы

Отбасы — баланың алғашқы тәрбие мектебі, ал балабақша — оның әлеуметтік ортадағы алғашқы қадамдарын жасайтын мекеме. Сондықтан екі жақтың үйлесімді әрекеті баланың жеке тұлға ретінде қалыптасуына оң әсер етеді.

Ата-ана мен педагог арасындағы өзара түсіністік, сыйластық және бірлескен жұмыс — тәрбиелік ықпалдың бірізділігін қамтамасыз ететін негізгі шарт.

Ынтымақтастықтың негізгі бағыттары

1. Ақпараттық байланыс

Баланың даму деңгейі, мінез-құлқы, жетістіктері туралы тәрбиешінің жүйелі ақпарат беруі;

Ата-ананың өз тарапынан баланың үйдегі жағдайы туралы мәліметпен бөлісуі.

Бұл екіжақты байланыс педагогқа баланың жеке ерекшеліктерін ескеріп жұмыс жүргізуге мүмкіндік береді.

2. Тәрбиедегі талаптардың бірізділігі

Баланың бойына мәдени-гигиеналық дағдыларды, тәртіп нормаларын, қарым-қатынас мәдениетін үйретуде үй мен балабақшада бірдей талап болуы — дамудың тұрақтылығын қамтамасыз етеді.

3. Бірлескен іс-шаралар

Мерекелік шаралар, спорттық жарыстар, шығармашылық көрмелер, ашық сабақтар ата-аналардың балабақша өміріне белсенді араласуына жағдай жасайды. Мұндай іс-шаралар арқылы ата-аналар педагогтердің жұмысымен жақын танысады, балалардың қабілеттерін жаңа қырынан көруге мүмкіндік алады.

4. Кеңес беру жұмыстары

Педагог-психологтар мен тәрбиешілер ата-аналарға баланың даму ерекшеліктері, тәрбие тәсілдері, мінез-құлықты түзету жолдары

жөнінде кәсіби кеңес береді. Бұл ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттырады.

5. Сенімді қарым-қатынас орнату

Ынтымақтастықтың негізі – ашықтық, өзара сыйластық және сенім. Жылы қарым-қатынас орнаған жағдайда ата-ана да, педагог та баланың мүддесіне сай шешім қабылдай алады.

Ынтымақтастықтың нәтижелері

Ата-ана мен балабақша арасындағы тиімді байланыс төмендегі нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді:

Баланың өзін сенімді сезінуі және психологиялық жайлылығы артады;

Тәрбиедегі бірізділіктің арқасында мінез-құлық мәдениеті қалыптасады;

Танымдық қызығушылықтары дамиды;

Әлеуметтік дағдылары, құрдастарымен қарым-қатынасы жақсарады;

Ата-аналардың тәрбиелік жауапкершілігі артады.

Қорытынды

Қорыта айтқанда, ата-ана мен балабақша арасындағы ынтымақтастық — бала тәрбиесі жолындағы ең маңызды шарттардың бірі. Ынталы ата-ана, жауапкершілігі жоғары педагог және ашық орта қалыптасқан балабақша – бала болашағының берік іргетасы. Осы бағыттағы бірлескен жұмысымыз әрі қарай да табысты болатынына сенім білдіремін.

